

«БЕКІТЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университетінің
Президенті _____ У.С.Абдибеков
«___» _____ 201__ ж.

САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ

УЕ-ХҚТУ-028-2014

**ПӘННІҢ ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫН ӘЗІРЛЕУ
ЕРЕЖЕСІ**

АЛҒЫ СӨЗ

1. Академиялық мәселелер жөніндегі департаментпен
ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Әзірлегендер – Департамент директоры Н.Орманов
Әдістемелік бөлім бастығы Б.Ортаев
3. Келісілді Оқу-әдістемелік ісі бойынша вице-президент
Б.Б.Ахметов
Аккредитация, рейтинг және сапа басқармасының
бастығы Е.Шахабаев
– Құқық және экономикалық қадағалау департаментінің
директоры А.Абсеметов
4. ЕНГІЗІЛДІ – 2014
5. Тексеру мерзімі – 2016

Қызметтік қолданыс үшін басылым

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-028-2014
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Пәннің жұмыс бағдарламасын әзірлеу ережесі		19 беттің 2 –ші беті

МАЗМҰНЫ

1	Қолданылу саласы	3
2	Нормативтік сілтемелер	3
3	Атаулар, анықтамалар және қысқартулар	3
4	Жалпы ережелер	4
5	Жұмыс бағдарламасының құрылымы	5
6	Жұмыс бағдарламасын әзірлеу және бекіту тәртібі	8
7	Жұмыс бағдарламасын ресімдеу	8
8	Күнтізбелік – тақырыптық жоспарды ресімдеу	8
9	Жұмыс оқу бағдарламасы талаптарын сақтауға бақылау	9
10	Қосымшалар	10
11	Танысу парағы	19

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-028-2014
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Пәннің жұмыс бағдарламасын әзірлеу ережесі		19 беттің 3 –ші беті

1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Бұл ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде (бұдан әрі - университет) мамандық бойынша білім беру бағдарламасындағы оқу пәнінің жұмыс бағдарламасының құрастырылуына, мазмұнына, рәсімделуіне және оның әзірленуі мен бекітілуіне қойылатын талаптарды анықтайды.

1.2 Бұл ереже университетте оқу пәнінің жұмыс бағдарламасының құрастырылуына, мазмұнына, рәсімделуіне және оның әзірленуі мен бекітілуіне қойылатын талаптарды жүзеге асыруда негізгі құжат болып табылады.

1.3 Университеттің осы ережесі, мамандықтардың оқу пәнінің жұмыс бағдарламасының құрастырылуына, мазмұнына, рәсімделуіне және оның әзірленуі мен бекітілуіне қойылатын талаптар маман даярлайтын және даярлауға қатысатын барлық кафедраларда пәннің оқу-әдістемелік кешеніне міндетті түрде енгізілуі және орындалуы тиіс.

1.4 УЕ ХҚТУ-028-2014 ережесі университеттің СМЖ құжаттарының құрамына кіреді.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

- 2.1 Осы ережені әзірлеу мен бекітуде келесі нормативтік құжаттарға сілтеме жасалған:
- Қазақстан Республикасы 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» заңы;
 - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 Қаулысымен бекітілген «Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»;
 - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 Қаулысымен бекітілген «Жоғары білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары»;
 - ҚП ХҚТУ-4.2.3-2009 Құжаттаманы басқару;
 - ҚП ХҚТУ-4.2.4-2009 Жазбаларды басқару;
 - УС-ХҚТУ-022-2014 Мамандықтар мен пәндердің оқу-әдістемелік кешендерінің құрылымы, мазмұны, дайындау және бекіту тәртібі;
 - УЕ-ХҚТУ-030-2014 Мамандық бойынша білім беру бағдарламаларының педагогикалық стратегиясын әзірлеу ережесі;
 - ЖН-СМЖ-065-2013 Мамандықтың негізгі оқу жоспарын дайындау;
 - УЕ-ХҚТУ-013-2014 Модульдер (пәндер) каталогін әзірлеу ережесі.

3 АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

3.1 Университеттің осы ережесінде төмендегі қысқартулар қолданылады:

- | | |
|-------------|---|
| Университет | – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті; |
| Ереже | – оқу пәнінің жұмыс бағдарламасын әзірлеу ережесі; |
| ЖОО | – жоғары оқу орындары; |
| ҚНББ | – құзыреттерге негізделген білім беру бағдарламасы; |
| МБББНС | – мамандық бағыты бойынша білім беру бағдарламаларының педагогикалық стратегиясы; |
| МОӘК | – мамандықтың оқу-әдістемелік кешені; |
| ПОӘК | – пәннің оқу-әдістемелік кешені; |
| ИЖБ | – пәннің жұмыс бағдарламасы; |
| СӨЖ | – білім алушының өзіндік жұмысы; |
| ОСӨЖ | – оқытушының басшылығымен орындалатын білім алушының өзіндік жұмысы; |
| ББК | – білімді бақылау кестесі; |

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-028-2014
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Пәннің жұмыс бағдарламасын әзірлеу ережесі		19 беттің 4 –ші беті

- ЭЕМ - электронды есептеу машинасы;
 ПОҚ - оқытушы-профессор құрамы;
 ОТҚ - оқытудың техникалық құралдары.

Үлгілік оқу бағдарламасы (УОБ) – оқу мазмұнын, көлемін, ұсынылатын әдебиетті анықтайтын және білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітетін мамандықтың үлгілік оқу жоспарының міндетті компоненттегі пәннің оқу құжаты.

4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1 Жұмыс бағдарламасының сипаттамасы.

Оқу пәнінің жұмыс бағдарламасы (жұмыс бағдарламасы) – ЖОО-да оқу пәнін оқытуды жүзеге асыруда басшылыққа алатын негізгі құжат. Жұмыс бағдарламасы пәнді оқытудың педагогикалық тиімді әдістемесін құру мен ұдайы жетілдіру мақсатымен жасалады.

4.2 Жұмыс бағдарламасының сәйкестілігі.

Жұмыс бағдарламаларын әзірлеу кезінде ескеріледі:

- МБББПС;
- мамандықтың (бағыттың) жұмыс оқу жоспары;
- пәннің үлгілік оқу бағдарламасы;
- ҚНББ енетін оқу курсының, пәннің, пәндердің (модульдердің) шамамен алынған бағдарламалар мазмұны; оқытудың алдыңғы және кейінгі кезеңдерінде зерделенетін пәндер бағдарламаларының мазмұны;
- ҚР БҒМ ОӘБ ұсынған оқулықтар мен оқу құралдарының мазмұны;
- ұйымдардың – бітірушілердің, әлеуметтік жұмыс берушілердің талаптары;
- маман даярлаушы кафедралардың талаптары;
- университеттің материалдық және ақпараттық мүмкіндіктері;
- тиісті пәндік саласындағы жаңаланған жетістіктер.

4.3 Әзірлеу саласы.

Пәннің жұмыс бағдарламалары мамандықтың (бағыттың) оқу жоспарының әрбір оқу пәні бойынша әзірленеді. Жұмыс бағдарламасын әзірлеу кезінде мамандық (бағыт) пәндерінің арасындағы логикалық байланысты ескеру және оқу материалының қайталанбауын қамтамасыз ету керек.

4.4 Бірнеше мамандықтар бойынша бір ПЖБ әзірлеу.

Әртүрлі мамандық білім алушылары үшін бір немесе бірнеше пән бойынша жұмыс бағдарламаларын мақсатты түрде әзірлеу пәнді оқытуды қамтамасыз ететін кафедра тарапынан анықталады.

4.5 Жұмыс бағдарламасының компоненттері.

Жұмыс бағдарламасы пәннің үлгілік оқу бағдарламасының негізгі мазмұнын сақтаумен, оған еңбеген негізгі компоненттерді:

- ҚНББ туындайтын оқыту нәтижелерін: білім, іскерлік және жеке тұлғалық сапаларды меңгертудегі оқу пәнінің рөлі мен орнын анықтауды;
- кәсіпорындардың, ұйымдардың маманға қажеттілігін және ерекшелік шарттарын ескерумен оқу-тәрбие үдерісінің кәсіби бағыттылығын күшейтеді;
- ішкі пәнаралық логикалық байланыстарды біртіндеп іске асыруды, оқитын басқа пәндердің қайталанбауын қамтамасыз етуді, басқа пәндердің мазмұнымен үйлестіруді;
- оқыту формаларына, сонымен бірге мамандықтарға байланысты оқытылатын осы пән модульдері, бөлімдері мен оқу сабақтары түрі бойынша оқу уақытын тиімді үлестіруді;
- техникалық құралдарды, оқу - лабораториялық жабдықтарды, көрнекі және басқа құралдарды, ЭЕМ қолданумен сабақ берудің әдістемесін жетілдіруді;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-028-2014
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Пәннің жұмыс бағдарламасын әзірлеу ережесі		19 беттің 5 –ші беті

- білім алушылардың дербес және жеке жұмыстарын, олардың уақыт бюджеті есебімен жоспарлау мен ұйымдастыруды жақсартуды;

- білім алушылардың танымдық іс-әрекеттерін белсенді етуді, олардың шығармашылық қабілеттіліктерін дамытуды, оқу және зерттеушілік үдерістерінің өзара байланысын күшейтуді;

- оқытудың және білім алушылардың білім мен іскерліктерін бақылаудың белсенді әдістерін пайдалануды, құзыреттерге негізделген білім берудің нәтижелерін бақылау үшін тиімді бақылау түрлерін таңдауды;

- оқуда/зерделеуде білімді меңгеруге тірек болатын пәндер мен олардың бөлімдерінің тізімін қамтуы және жүзеге асыруы қажет.

4.6 Оқытудың түрлері үшін жұмыс бағдарламасы.

Жұмыс бағдарламасы жүзеге асырылатын оқыту формаларының түрлері (күндізгі, сыртқы және тағы басқа) үшін бөлек жасалады.

4.7 Мазмұндау реттілігі.

Жұмыс бағдарламаларын құрастыру кезінде пәннің үлгілік бағдарламасындағы сұрақтардың мазмұндалу тізбегін өзгертуге, оқытуды мамандандыру сәйкес жеке даралап оқытуға ерекше мән беруге рұқсат етіледі. Жұмыс бағдарламасы осы сабаққа бөлінетін, үлестірілетін барлық сұрақтардың нақты тізімін және оқу мөлшерін (кредит/сағат) анықтайды. Жұмыс бағдарламасы проблемалық ситуацияларды қамтумен тақырыптарды баяндауды жоспарлауды қарастырады.

4.8 Жұмыс бағдарламасының титул беті қосымша А-да, оның ішкі беті қосымша Б-да келтірілген.

5 ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН МАЗМҰНЫ

5.1 Пәннің жұмыс бағдарламасы ПОӘК құраушы компоненті және дербес оқу-әдістемелік құжат болып табылады.

Жұмыс бағдарламасының құрылымы.

Пәннің жұмыс бағдарламасының құрылымы келесі бөлімдер мен құраушылардан тұруы қажет:

- а) пәннің (курстың) мақсаттары мен міндеттері;
- б) білім беру бағдарламалары құрылымындағы пәннің орны;
- в) құзыреттер және пәнді меңгеру нәтижелеріне қойылатын талаптар;
- г) оқу жоспарынан көшірме;

д) пәннің мазмұны:

- 1) лекция (дәріс);
- 2) практикалық (семинар) сабақтар;
- 3) лабораториялық жұмыстар;
- 4) курстық жұмыс (курстық жоба);
- 5) білім алушылардың өзіндік жұмыстары (СӨЖ, ОСӨЖ);

е) білім беру технологиясы;

ж) білім алушылардың пәнді меңгеру сапасын бағалау;

и) пәннің оқу-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз етілуі (негізгі және қосымша әдебиеттер);

к) пәннің материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі.

л) білімдерді бақылау кестесі;

м) жұмыс бағдарламасының мамандықтың (бағыттың) басқа пәндерін зерделеу бойынша келісу хаттамасы, жұмыс бағдарламасындағы қосымшалар мен өзгерістер;

н) пәннің күнтізбелік-тақырыптық жоспары.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-028-2014
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Пәннің жұмыс бағдарламасын әзірлеу ережесі		19 беттің 6 –ші беті

Аталған құраушыларда оқу жоспарында көрсетілген элементтер ғана қамтылады.

5.2 Пәннің (курстың) мақсаты мен міндеттері.

Бұл бөлімде мамандыққа (бағытқа) қатысты пәндердің мақсаты мен міндеттері нақтыланады.

5.3 Білім беру бағдарламалары құрылымындағы пәннің орны.

Пәннің білім беру бағдарламаларындағы басқа оқу пәндерімен, модульдермен, кәсіби іс-тәжірибелермен логикалық және мазмұндық-әдістемелік өзара байланыстарына сипаттама беріледі. Пәннің қысқаша мазмұны келтіріледі.

5.4 Құзыреттер және пәнді меңгеру нәтижелеріне қойылатын талаптар.

МБББПС көрсетілген бітірушінің осы пәнді зерделеудегі құзыреттері көрсетіледі. МБББПС мазмұнындағы матрицаға сәйкес құзыреттер коды мен мазмұны жазылады. Әрбір модульде құзыреттер бойынша білім алушылар меңгеретін оқыту нәтижелері: білім – іскерлік – құндылық құраушылар схемасы бойынша көрсетіледі.

Пәнді зерделеу үшін пререквизиттер көрсетіледі.

5.3 Оқу жоспарынан көшірме.

Көшірме мамандықтың жұмыс оқу жоспары негізінде құрастырылады. Көлемі мен сағаттар үлестірілуіндегі өзгерістер университеттің Сенат, Басқару кеңесінің шешімі бойынша енгізіледі. Қосымша В.

5.4 Пәннің мазмұны (технологиялық картасы). Қосымша Г.

5.4.1 Барлық оқу жұмыс түрлерінің мазмұны құзыреттерге негізделген білім беру талаптарын қамтамасыз етуі керек.

Бұл бөлім мазмұндары пән бойынша барлық сабақтардың түрлерін ашады.

5.4.2 Бағдарламада модулдер, бөлімдер, тақырыптар, олардың нақты мазмұндары (1-бағана), УОБ сәйкес бөлінген сағат көлемі нақты көрсетілуі қажет. Модулдер бірнеше бөлімдерден, тақырыптардан тұруы мүмкін.

5.4.3 Әрбір модуль бойынша практикалық (семинар) және лабораториялық сабақтарға сағаттар (3 және 4-бағаналарда) көрсетіледі. Бөлім құрылымында модулдар бойынша нөмір және олардың тізімдері беріледі.

5.4.4 Жұмыс бағдарламасында (бағанада 5, 6-да) модулдар мен (бөлім құраушысы 3.2) тақырыптар бойынша білім алушының өзіндік жұмысына бөлінген сағат мөлшері көрсетіледі.

СӨЖ лекция материалына қатысты тапсырмаларды, оның ішінде әдебиет бойынша зерделеу немесе басқа да ақпарат көздерінен қосымша ақпараттарды алуды, үйге берілген және жеке тапсырмаларды, курстық жобалар мен жұмыстарды орындауды, лабораториялық сабақтарды және жұмыстарды ресімдеуге дайындықты қамтиды.

5.4.5 Бөлім құрылымында (3.3) тапсырмалардың әр түрлі нұсқаларын қамтыған, курстық жұмысқа ұсынылатын тақырыптары келтіріледі.

5.4.6 7-бағанада пәннің оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуінің барлық түрлерінің нөмірінің тізбесі беріледі: оқулықтар, оқу құралдары, лекциялардың конспекттері, әдістемелік нұсқаулар, көрнекті материалдар және тағы басқалар.

Оқу-әдістемелік материалдардың тізімі 4-бөлімде келтіріледі.

5.4.7 Бағана (бөлім 3-те) 7-ге МБББПС көрсетілген пәнге қатысты құзыреттер бойынша оқу нәтижелерінің пән модуліне (тарауына) сәйкес келетіні тарқатылып жазылады.

5.4.8 Бөлім құрылымында (3.4) жеке тапсырмалардың (сабақтардың) түрлері мен мазмұндары көрсетіледі. Жеке тапсырмалар рефераттарды, баяндамаларды, әртүрлі есептерді, графикалық құрастыруларды орындауды, құбылыстарды, үдерістерді, технологияларды, т.б. негіздеуді, талдауды қамтуды қарастырады. Жеке дара тапсырманы орындауға сәйкес жұмыс көлемі осы пән бойынша оқу жоспарында бөлінген өзбетінше

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-028-2014
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Пәннің жұмыс бағдарламасын әзірлеу ережесі		19 беттің 7 –ші беті

дербес орындауға бөлінген сағаттарға және сабақ түрлері бойынша оларға үлестірілген уақытқа байланысты.

5.5 Білім беру технологиясы.

МБББПС жүзеге асыру мақсатындағы білім беру технологиялары пән бойынша оқу жұмыстарын ұйымдастыруда нақты түрлері жазылады. Заманауи оқыту технологияларын және көрнекі-иллюстративті материалдарын кеңінен қолдану қамтамасыз етілуі қажет

Оқыту технологияларының түрлері: модульдік-рейтингтік оқыту; жобалау іс-әрекеті, шығармашылық және ғылыми зерттеушілік; ақпараттық, сыни ойлауды дамыту, проблемалық оқыту, т.б. оқу жұмыс түрлері бойынша нақты көрсетіледі.

5.6 Білім алушылардың пәнді меңгеру сапасын бағалау.

МБББПС көрсетілген аттестаттау формалары мен бағалау құралдары нақтыланады. Ағымдық, аралық, қорытынды аттестаттау түрлері оқыту нәтижелерін анықтау бойынша көрсетіледі.

Бағалау формалары: тесттер, ауызша және жазбаша жауаптарды талдау; күнделік, эссе, графикалық жұмыстар, лабораториялық жұмыстар, кейс-стади, портфолио, портфолио онлайн, компьютерлік симуляция, іс-әрекеттерді эксперттік бағалау; іс-әрекеттерді эксперттік бағалау, психологиялық тесттер, құзыреттілікке негізделген тесттер оқыту нәтижелерін қалыптастыру бойынша нақтыланады.

Бағалау объектісіне қойылатын талаптар пән мазмұны бойынша сипатталады.

5.7 Пәннің оқу-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз етілуі.

Пәнді зерделеуге қатысты ұсынылатын әдебиеттер тізімі (негізгі және қосымша әдебиеттер) мен WEB сайттар көрсетіледі.

5.8 Пәннің материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі.

Бұл бөлімде электронды білім беру қоры; мультимедиялық эмбебап энциклопедиялар; аудиовизуальды құралдар: слайдтар, сандық тасымалдағыштардағы презентациялар; бейнефильмдер; компьютерлер, проекторлар жазылады.

5.9 Білімді бақылау кестесі (қосымша Д1).

Бақылау кестесі сабақтардың барлық түрлерін қамтиды. Пән бойынша оқу жұмыстарын ұйымдастыратын оқытушы (немесе оқытушылар) бақылауды жүзеге асырады. Бақылау түрлерін пән бойынша оқу жұмыстарын ұйымдастыратын оқытушы таңдайды, олар: тесттік тапсырмалар, коллоквиумдар, бақылау жұмыстары, өзіндік жұмыстар, жеке жұмыстар, есептік - график түріндегі жұмыстар, рефераттарды, үлгілерді тапсыру және т.с.с. түрінде.

Білім алушылардың жекелеген жұмыс түрлері есеп, баяндама, оның ішінде ЭЕМ пайдаланумен бағдарламалар түрінде болуы мүмкін.

Кесте (график) семестрдің барлық аптасындағы бақылау (формативті және суммативті) түрлерін қамтумен құрастырылуы қажет.

Пән бойынша семестрдегі жалпы ұпайлардың саны 100 ұпайлық жүйеде жүзеге асырылады, әрбір бақылаудан алынған ұпайлардың ортақ мәні алынады.

ББК (қосымша Д2) бойынша білім алушылардың нақты ұпайлары арнайы кестеге сәйкес журнал толтырылады.

5.10 Жұмыс бағдарламасының мамандықтың (бағыттың) басқа пәндерін зерделеу бойынша келісу хаттамасы, жұмыс бағдарламасындағы қосымшалар мен өзгерістер.

Жұмыс бағдарламасының келісу хаттамасы мамандық (бағыт) пәндерінің өзара сабақтастықта оқытылуын (пререквизитті, постреквизитті) анықтау үшін кесте түрінде әзірленеді (қосымша Е формасы бойынша).

Жұмыс бағдарламасындағы қосымшалар мен өзгерістер қосымшалармен сәйкес орындалады.

н) Пәннің күнтізбелік-тақырыптық жоспары.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-028-2014
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Пәннің жұмыс бағдарламасын әзірлеу ережесі		19 беттің 8 –ші беті

Пәннің күнтізбелік жоспары ҚНББ жүзеге асыру технологиясын нақтылауға мүмкіндік береді. Мұнда оқу жұмыс түрлерін жүзеге асыруды жобалау көрсетіледі.

6 ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫН ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ТӘРТІБІ

6.1 Әзірлеу тәртібі.

Пәннің жұмыс бағдарламасы жетекші оқытушылармен әзірленеді және ол оқытуды қамтамасыз ететін кафедра мәжілісінде талқыланады.

6.2 Жұмыс бағдарламаларының келісуі.

Әзірленген бағдарламалар маман даярлаушы кафедралармен және осы пәнге пререквизит болатын пәнді оқытатын кафедралармен келісілуі қажет. Келісуге арналған кафедралардың тізімін мамандық шығаратын кафедраның меңгерушісі, факультет деканы құрастырады және бекітеді.

6.3 Жұмыс бағдарламасын бекіту.

Жұмыс бағдарламасы пән оқытылатын факультеттің әдістемелік комиссиясы қарастырғаннан кейін факультет деканымен бекітіледі.

Мемлекеттік міндетті пәндер бойынша пәннің жұмыс бағдарламасын оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент бекітеді.

6.4 Жұмыс бағдарламаларын қайта қарау тәртібі.

Жұмыс бағдарламасы құзыреттерге негізделген білім беру бағдарламасын жетілдіру жағдайында және (немесе) мамандықтың негізгі оқу жоспарын қайта өңдеу (өзгерту) кезінде қайта қарастырылады.

Жұмыс бағдарламасы жыл сайын пәнді оқытатын кафедраның мәжілісінде қаралады, керек болса, оған өзгерістер мен қосымшалар енгізіледі.

6.5 Жұмыс бағдарламасы даналарының саны.

Пәннің жұмыс бағдарламасының бірінші данасы кафедрадағы пәннің оқу-әдістемелік кешенінде сақталады. Екінші данасы - лектордың лекция материалдарында болады.

7 ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫН РЕСІМДЕУ

7.1 Жұмыс бағдарламасының қосымша А түрінде орындалған сыртқы парағы болуы керек.

7.2 Жұмыс бағдарламасының барлық бөлімдері бөлім 4-те көрсетілген қосымшаларға сәйкес орындалады.

7.3 Әдебиеттің тізімі талапқа сәйкес құрастырылады.

8 КҮНТІЗБЕЛІК – ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРДЫ РЕСІМДЕУ

Күнтізбелік - тақырыптық жоспар оқу бағдарламасының өзгермелі бөлігі болып табылады және әрбір оқытушымен жеке дара семестрдің басында жеке-жеке әрбір сабақ түріне құрастырылады. Күнтізбелік - тақырыптық жоспар келесі талапқа сай болуы қажет:

- берілген семестрдегі әрбір модулдың материалы лекция курстарының, практикалық (семинар) сабақтардың, лабораториялық жұмыстардың (жеке дара сабақ) тақырыптарына, жекелегенде әрбір сабақ түріне бөлінген уақыт мөлшерімен үлестіріледі;

- жұмыс бағдарламасы модулдары материалдарын үлестіру лекция курсының және басқа да оқу жұмыстарының үйлесімділігін қамтамасыз етуі қажет;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-028-2014
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Пәннің жұмыс бағдарламасын әзірлеу ережесі		19 беттің 9 –ші беті

- әрбір тақырыпты зерделеу және сабақ кестесіне сәйкес сабақты өткізу үшін күніне уақыт бөлінеді;

- күнтізбелік - тақырыптық жоспарда аралық бақылаудың формасы мен түрлері, не білуі қажет және қандай дағдыларды білім алушы алуы керек болатыныны көрсетілуі керек.

Күнтізбелік - тақырыптық жоспар әрбір сабақ түрі бойынша қосымша Ж, И, К сәйкес рәсімделеді.

9 ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ ТАЛАПТАРЫН САҚТАУҒА БАҚЫЛАУ

9.1 Жұмыс оқу бағдарламасы талаптарын сақтауға бақылауды кафедра меңгерушісі, факультеттің оқу-әдістемелік кеңесінің төрағасы/төрайымы, факультет деканы жүзеге асырады.

9.2 Жұмыс оқу бағдарламасы талаптарын сақтамағаны үшін кафедра меңгерушісіне және ПОҚ университеттің ішкі нормативтік құжаттарында көрсетілгендей тәртіптік шара қолданылады.

КЕЛІСІЛДІ

Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент

Б.Б.Ахметов

Аккредитация, рейтинг және сапа басқармасының бастығы

Е.Шахабаев

Құқық және экономикалық қадағалау департаментінің директоры

А.Абсеметов

Abmet Yasauy University

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХКТУ-028-2014
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Пәннің жұмыс бағдарламасын әзірлеу ережесі		19 беттің 10 –ші беті

Ф-ОБ-007/013

Қосымша А

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Қ.А.ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ

_____ факультеті
(пән оқытылатын факультет атауы)

_____ кафедрасы
(пәнді оқытуды қамтамасыз ететін кафедра атауы)

БЕКІТЕМІН
факультет деканы

«__» _____ 20_ ж.

_____ пәнінің
(пән коды, атауы)

ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мамандығы (бағыты) _____
(мамандықтың немесе бағыттың шифры мен атауы)

Оқыту формасы _____
(күндізгі, сыртқы)

Оқу көлемі _____
(бөлінген уақыт мөлшері кредит/ECTS, сағат)

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-028-2014
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Пәннің жұмыс бағдарламасын әзірлеу ережесі		19 беттің 11 –ші беті

Түркістан – 2014

Қосымша Б

Жұмыс оқу бағдарламасы _____

(ҚР МЖМБС/ПС және (немесе) ОӘБ бекіткен типтік бағдарлама атауы, бекітілген мерзімі)
негізінде дайындалған.

Жұмыс бағдарламасын дайындаған(дар): _____
(қызметі, қолы, аты, жөні)

Жұмыс бағдарламасы _____ кафедрасының
(кафедра атауы)
мәжілісінде талқыланды. Хаттама № _____, " ____ " _____ 20____ ж.

Кафедра меңгерушісі _____
(қолы, аты, жөні)

Жұмыс оқу бағдарламасы _____ факультетінің
ОӘК –де қаралып, мақұлданды. Хаттама № _____, « ____ » _____ 20____ ж.

Оқу-әдістемелік кеңес төрағасы _____
(қолы, аты, жөні)

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-028-2014
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Пәннің жұмыс бағдарламасын әзірлеу ережесі		19 беттің 13 –ші беті

Қосымша Г

3 Пәннің технологиялық картасы (мазмұны)

Модулдердің, бөлімдердің, тақырыптардың атаулары, олардың негізгі мазмұны	Модульге, бөлімдерге, тақырыптарға бөлінген сағат саны					Әдебиет №	Модульді (бөлімді, тақырыпты) зерделегеннен кейін меңгерілетін құзыреттер (оқыту нәтижелері)
	лекция	лаборатор. сабақ №	практикалық сабақ №	СӨЖ №	Ө		
1	2	3	4	5	6	7	
Модуль (бөлім) 1. (атауы)						ЖК..., КҚ...	
...							
Модуль (бөлім) 2. (атауы)						ЖК..., КҚ...	
...							
Модуль (бөлім) 3. (атауы)						ЖК..., КҚ...	
...							

3.1 Әрбір модуль (бөлім) бойынша лабораториялық, практикалық жұмыстардың нөмірлері мен атаулары, семинар сабақтарының тақырыптары

3.2 Модульдер (бөлімдер) бойынша СӨЖ, ОСӨЖ нөмірі мен атауы

3.3 Курстың жобаның (жұмыстың) тақырыптары, мазмұны.

3.4 Жеке сабақтардың мазмұны (кейбір мамандықтар үшін). Жеке тапсырмалар және олардың нұсқалары.

4 Пәннің әдістемелік қамтамасыз етілуі және ОТҚ.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-028-2014
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Пәннің жұмыс бағдарламасын әзірлеу ережесі		19 беттің 15 –ші беті

Білім алушының аты, жөні↓																			
1.																			
2.																			
3.																			
4.																			
5.																			
6.																			
n.																			

Ағымдағы аттестаттаудың әртүрлі формаларын шартты таңбалау: тест –Т, коллоквиум – КЛ, бақылау жұмысы - БЖ, СӨЖ – білім алушылардың өзіндік жұмысы, АБ – аралық бақылау және т.б. Бақылау түрі бойынша ұяшықтарға шекті жоғары және төмен ұпайлар қойылады.

Қосымша Е
Жұмыс бағдарламасының мамандықтың (бағыттың) басқа пәндерінің жұмыс бағдарламаларымен келісу хаттамасы

Пәнді зерделеу үшін пререквизит болатын пән атауы	Оқытатын кафедра	Жұмыс бағдарламасын өзгерту жөніндегі ұсыныстар	Кафедра меңгерушісінің қолы
1	2	3	4

20___/20___ ОҚУ ЖЫЛЫНА ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫН ТОЛЫҚТЫРУ МЕН ӨЗГЕРТУЛЕР

Жұмыс бағдарламасына келесідей өзгерістер енгізіледі:

Өзірлеген (дер) _____

(қызметі, қолы, аты, жөні)

Жұмыс бағдарламасы кафедра мәжілісінде қаралды және қуатталды.

Хаттама № _____, «___» _____ 20___ ж.

Кафедра меңгерушісі _____

(қолы, аты, жөні)

Бекітемін:

Факультет деканы _____

(қолы, аты, жөні)

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-028-2014
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Пәннің жұмыс бағдарламасын әзірлеу ережесі		19 беттің 16 –ші беті

«___» _____ 20__ ж.

Қосымша Ж

_____ кафедрасы

_____ бойынша

(пән коды, атауы)

ЛЕКЦИЯ САБАҚТАРЫНЫҢ КҮНТІЗБЕЛІК-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

№	Мерзімі (аптасы/ күні)	Модуль нөмірі, атауы және лекция тақырыптары	Лекцияны өту формалары	ОТҚ және танымдық іс- әрекеттерді белсендіру әдістері	Білім алушыда қалыптасты- рылатын білім (мен іскерлік)
1	2	3	4	5	6
1					
2					
...					

Құрастырушы _____

(қызметі, аты, жөні, қолы)

Кафедра меңгерушісі _____

(аты, жөні, қолы)

Құрастырылған мерзім _____

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-028-2014
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Пәннің жұмыс бағдарламасын әзірлеу ережесі		19 беттің 17 –ші беті

Қосымша И

_____ кафедрасы

_____ бойынша

(пән коды, атауы)

ПРАКТИКАЛЫҚ (СЕМИНАР) САБАҚТАРДЫҢ КҮНТІЗБЕЛІК-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

Оқу тобы, мерзімі	Модульдің (бөлімнің/ тараудың) нөмірі, атауы, сабақ тақырыбы	Тапсырма, реферат, жаттығудың және әдебиет пен әдістемелік көздердің нөмірлері	Практикалық сабақтарды өткізу формалары және бақылау әдістері	Бақылау формалары	Білім алушыда қалыптастырылатын білім мен іскерлік және құндылық қатынастар
1	2	3	4	5	6
05.09	Педагогикалық жүйе және үдеріс	1-3, СӨЖ -1, Әдебиеттер – 1-4, 7 №5 сабаққа әдістемелік нұсқау	Семинар-пікір-талас	Тесттік бақылау	Түсіндіреді және жүзеге асыра алады

Құрастырған оқытушы _____

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-028-2014
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Пәннің жұмыс бағдарламасын әзірлеу ережесі		19 беттің 18 –ші беті

(аты, жөні, қолы)

Кафедра меңгерушісі _____

(аты, жөні, қолы)

Құрастырылған мерзім _____

Қосымша К

_____ кафедрасы

_____ бойынша

(пән коды, атауы)

ЛАБОРАТОРИЯЛЫҚ САБАҚТАРДЫҢ КҮНТІЗБЕЛІК-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

Оқу тобы, мерзімі	Модульдің (бөлімнің) нөмірі, атауы, жұмыс аты	Лабораториялық жұмысты өткізу формасы мен әдістері	Ағымдық бақылау түрі	Білім алушыда қалыптас-тырылатын іскерлік пен дағдылар
09.09	Модуль 1. Материалдардың қасиеттерін зерделеу: механикалық, физикалық, химиялық, технологиялық	Зерттеушілік	Лабораториялық жұмыс бойынша есеп	Қолданады, талдайды
.

Құрастырған оқытушы _____

(аты, жөні, қолы)

Кафедра меңгерушісі _____

(аты, жөні, қолы)

Құрастырылған мерзім _____

